

Көшені қайта атау туралы

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Қоғалы ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 16 мамырдағы № 60 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 07 маусымда № 5530 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына және Қызылорда облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 12 желтоқсандағы № 4 қорытындысына сәйкес Қоғалы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шиелі ауданы, Қоғалы ауылдық округі, Ботабай ауылындағы "Бейбітшілік тұйығы "Ахметов Мұзаппар" көшесі болып қайта аталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қоғалы ауылдық
округінің әкімі*

Д. Насибеков